

Абай атындағы Қазақ Ұлттық
Педагогикалық Университеті
Елтану кафедрасы

Арабия және Апеннин түбегі

Орындаған: Бақберген Жанар
ГОЭК 3 курс
Тексерген: Әбілмәжінова С.Ә


Алматы 2014ж

Арабия түбегі



Арабия түбегі , Арабия — Оңтүстік-Батыс Азияда орналасқан дүние жүзіндегі ең ірі түбек (ауданы 3 млн. км²). Ол Жерорта, Қызыл, Арабия теңіздерімен қоршалған. Құрлықтағы шартты шекарасы солтүстігінде Месопотамия ойпаты, Парсы шығанағы, Ормуз мойнағы, Оман шығанағы арқылы өтеді. Оңт. шекарасы Акаба шығанағы, Қызыл теңіз, Баб-эл-Мандеб бұғазы, Аден шығанағы арқылы Арабия түбегінің батыс жағалауымен жалғасады. Арабия түбегіне түгелімен Сауд Арабиясы, Йордания, Йемен республикасы, Оман, Бахрейн, Кувейт, Ливан, Палестина, Израиль мемлекеттері және Сирия мен Ирақтың бір бөлігі енеді.

Жағалаулары аз тілімденген. Жерінің басым көпшілігін таулы үстірт алып жатыр. Солтүстік және солтүстік-шығыс аймағы жазық келеді. Жер бедерінің ерекшеліктеріне қуаңшылық климат зор әсер етеді. Ең биік нүктесі Йемен жерінде (ән-Наби Шаиб, биікт. 2620 м). Түбектің ең ойыс жері — Өлі теңіз ойысы. Ол теңіз деңгейінен 403 м. төмен орналасқан. Арабия түбегінің ішкі бөлігінде ірі Руб-әл-Хали, Үлкен Нефуд, Кіші Нефуд, Сирия атты құмды шөлдер бар. Батыстан оңтүстікке қарай Қызыл теңіздің жағалауын бойлай таулы аудандар (Хиджаз, Асир, Йемен), ал тектоникалық жағынан түбекті түгелімен дерлік арабия платформасы алып жатыр. Оның кристалды іргетасы батысында. Ал оңтүстік-батысы жер бетіне жақын орналасқан басқа аудандарды құрамы әр түрлі қатпарлы және көлбеу жатқан юра, бор, палеоген дәуірлерінің шөгінділерімен жабылған. Оңтүстікте ежелгі жанартаулық әрекеттердің іздері байқалады. Түбектің қойнауы мұнайға өте бай. Мұнайдың негізгі қорлары Сауд Арабиясы, Кувейт, Катар, Біріккен Араб Әмірлігінде. Жер қойнауында мұнайдан басқа алтын, түсті металдар, көмір т.б. кен байлықтары бар. Арабия түбегі — әлемдегі күн радиациясының ең көп мөлшерде түсетін жері. Сондықтан жыл бойына онда жоғары темп-ра сақталады.



Түбектің солтүстік бөлігі субтропиктік, қалған бөлігі тропиктік белдеуде. Солтүстігінде қаңтардың орташа температурасы 8-400С, оңтүстігінде 16-200С, шілдеде 24-320С-қа дейін, кейбір аудандарында температурасының абсолюттік максимумы 500С-қа жетеді. Жауын-шашынның орташа мөлшері Йемен тауларының беткейлерінде 1000 мм-ге дейін. Қалған аймағында 100 мм-ден төмен. Арабия түбегінің көп бөлігінде тұрақты ағын су болмайды. Таулы үстірттерде өзендердің құрғақ арналары (вади) тек өткінші жауындар кезінде ғана суға толады. Негізгі су қоры ретінде жер асты сулары пайдаланылады. Түбектің көпшілік бөлігінде субтропикалық және тропикалық шөлдердің құнарсыз топырағы мен сортаң топырақтары басым. Ылғалды муссондық жел өтіндегі Йемен тауларының беткейлерінде табиғи және мәдени өсімдіктер жайқалып өскен. Едәуір ылғалды тау беткейлері террасаланған, Оларға: жеміс ағаштары, кофе ағашы, индиго отырғызылған, дәнді дақылдар егілген. Қызыл теңізбен Парсы шығанағының жағалаулық жазықтарындағы шөлдерде шұраттар (оазистер) жиі кездеседі. Ішкі облыстардағы шөл мен шөлейттерде суккулентті өсімдіктер (алоэ, сүттіген) немесе ылғалды тереңнен алатын, тамыр жүйесі жақсы жетілген бұталар мен шөптер алып жатыр. Мұнда тұяқтылардан қарақұйрық, бөкен, онагр жабайы есегі, жыртқыштардан: шиөбөрі, қорқау қасқыр, тау түлкісі, қарақал, қабылан, гамадрил маймылдары кездеседі. Құстардан: шіл, қараторғай, құр, бауырымен жорғалаушылардан: қобра(кеңалқым), эбжылан, гюрза, Агамалылар, хамелеон кең тараған. Арабия түбегінде мұсылман халықтар үшін қасиетті Арафат тауы, Мекке, Медине қалалары орналасқан.

Апеннин түбегі

Апеннин түбегі — Жерорта теңізінің орталық бөлігінде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 1100 км-ге созылып жатқан Оңтүстік Еуропадағы ірі түбектердің бірі. Ауданы 149 мың км², ені 130-300 км. Орталық Еуропадан Альпі тауы арқылы бөлінеді. Батысында Тиррен, шығысында Адриат, оңтүстігінде Ион теңіздерімен қоршалған. Жағасы көп тілімделген.



Жер бедері таулы. Түбектегі тауларды Апеннин таулары және франциялық, италиялық Ривер бөледі. Апеннин түбегінің көпшілігі, кайнозойлық қатпарлану кезінде қалыптасқан жанартаулық аймақ. **Кен байлықтарынан:** қоңыр көмір, газ және алюминий кентастары өндіріледі. **Климаты** — субтропиктік жерортатеңіздік. Қыс айларының орташа темп-сы 120С, жазда орташа темп-ра 280С. Жылдық орташа жауын-шашын мөлш. 500 мм-ден 1500 мм-ге дейін жетеді. **Ірі өзендері** — Тибр, Арно, **ірі көлдері** — Траимек, Больсен. Таулы аудандарда етті-жүнді бағыттағы мал өсіріледі, жағалау маңында дәнді дақылдар, жүзім егіледі. **Ірі қалалары** — Неаполь, Рим, Ливорно, Флоренция. Апеннин түбегінде Италия, Ватикан, Сан-Марино, мемлекеттері орналасқан.